

«Гүлдер» балабақшасындағы
Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

04.09.2024ж

Қатысты: директор, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелері

Күн тәртібі

1. Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің "Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" 2020 ж.11.05. №190 бұйрығын түсіндіру.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін бөлу туралы.
3. 2024-2025 күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысында Кеңестің төрайымы – балабақша директоры М.Овезова сайланды.

Тыңдалды

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес төрайымы М.Овезова ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.20ж. № 190 бұйрығына сәйкес педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің негізгі міндеттері туралы айтып берді. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің барлық мүшелері өз міндеттерімен танысып, педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысты.

«Раушан» тобының тәрбиешісі А.О.Чалмахсимова балабақша ұжымына сипаттама берді, бұзушылықтар болмауы үшін балабақша педагогтері арасында мониторинг жүргізу қажеттілігі туралы айтты. Педагогтер арасындағы қақтығыстардың алдын алу үшін, шиеленісті жеңілдету үшін педагогтермен шеберлік сыныптары, тренингтер, семинарлар өткізу. Сондай-ақ топтарда ата-аналармен жұмыс, жеке кеңестер, ата-аналар мен педагогтардың сауалнамасы жүргізу. Мектепке дейінгі ұйымда еңбек тәртібіне көп көңіл бөлу.

Балабақша әдіскері Б.Джуматова барлық жанжалды мәселелер балабақша директорында шешілетінін, балабақшадағы кез келген жағдайдың алдын алуға тырысатынын атап өтті. Жас педагогтармен жұмыс жасай отырып, оларға тәлімгерлік арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен және әріптестерімен қалай қарым-қатынас жасау керектігін үйретті

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. «Гүлдер» балабақшасының директоры М.Овезова педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің төрағасы болып сайлансын.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелері арасында функционалдық міндеттер бөлінсін.
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін



Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің төрайымы М.Овезова
Хатшы М.Асанова

